

Шығ. № 218 18.03.2026
Ақпараттық хат

Факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне

Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті (әрі қарай – СДХЫД) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, 2026-2027 оқу жылының I жартыжылдығына I Қосымшада көрсетілген жоғары оқу орындарына оқуға құжаттарды жинау басталғанын хабарлайды.

Конкурсқа бакалавриаттың (2–3 курс) студенттері және магистратураның (2-3 семестр) студенттері қатыса алады.

Университет қаражаты есебінен тек мемлекеттік грант негізінде оқитын, GPA - 3.0 жоғары білім алушылар қатыса алады. Ал басқа гранттар (демеушілердің, компаниялардың және т.б.) және ақылы негізде оқитын, GPA-2.80 төмен емес, білім алушылар өз қаражаты есебінен бара алады.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- академиялық қарызының болмауы
- шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық үлгідегі сертификат (Ағылшын тілінен - IELTS 5.5 және одан жоғары, TOEFL 46 және одан жоғары; Duolingo 80 баллдан кем емес. Қытай тілінен - HSK 1, немесе Конфуций Институтының қытай тілі курсын аяқтағаны туралы сертификаты: 96 акад. сағат. Түрік тілінен - Tomer B2, Duolingo 80 баллдан кем емес) *немесе* алдыңғы оқу орнында (колледж немесе мектеп) осы шет тілінде оқуды растайтын диплом/транскрипт. Аталған құжаттар болмаған жағдайда, СДХЫД ұйымдастыруымын институционалды тестілеу өткізілетін болады. Тестілеуді өткен білім алушылар шет тілінен сұхбатқа шақырылады. Тестілеу күні факультет координаторына алдын ала хабарландырылады

- оқу тәртібін және этикалық нормаларды бұрын соңды бұзбауы
- басқа білім беру ортасында оқуға психологиялық дайындық
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу кезінде тең баллмен артықшылыққа ие болатындар:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (құжаттың көшірмесі)
- көпбалалы отбасылардан шыққан балалар (құжаттың көшірмесі)

Барлық үміткерлерлер 2 Қосымшада көрсетілген толық талаптарға сәйкес өтініштерін бере алады.

Студенттер құжаттарды 2026 жылдың 17 сәуіріне дейін факультет координаторларына тапсырады.

Факультет координаторлары факультет деканы атынан қызметтік хат, хаттама, білім алушылар тізімін (республикалық, университет есебінен және өз қаражаты бойынша) электронды нұсқада және қағаз түрінде СДХЫД 2026 жылдың 23 сәуіріне дейін тапсыруы тиіс. Конкурстың екінші кезеңінің (СДХЫД студенттерді құжаттар бойынша іріктеуі, тестілеу және сұхбат) күні факультет координаторларына қосымша хабарландырылады. Толық емес құжаттар пакеті автоматты түрде қарастырылмайды.

Келесі шетелдік жоғары оқу орындарының құжат қабылдау мерзімдерінің тығыздығына байланысты, төменде көрсетілген оқу орындарын таңдаған білім алушылардан хатта көрсетілген құжаттар тізімін белгіленген мерзімдерге дейін тапсыру сұралады:

- Istanbul Technical University (Түркия) – **2026 жылғы 1 сәуірге дейін;**
- Vytautas Magnus University (Литва) – **2026 жылғы 27 наурызына дейін.**

Ескерту: құжаттар білім алушылар арқылы қабылданбайды.

Сұрақтар бойынша байланыс: international@zhubanov.edu.kz

1 қосымша . Шетелдік жоғары оқу орындар тізімі:

1. INTI Халықаралық Университеті, Малайзия
2. Витаутас Магнус Университеті, Литва
3. Миколас Ромерис Университеті, Литва
4. Балтық халықаралық академиясы, Латвия
5. Обуда Университеті, Венгрия
6. Генуя Университеті, Италия
7. Жешув технологиялық университеті, Польша
8. Быдгощ қаласындағы Экономика университеті, Польша
9. Слупск қаласындағы Помор академиясы, Польша
10. Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Грузия
11. Тонмён университеті, Корея
12. Кастамону университеті, Түркия
13. Сакария университеті, Түркия
14. Памуккале университеті, Түркия
15. Чанаккале университеті, Түркия
16. Хаджетеппе университеті, Түркия
17. Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Түркия
18. Эге университеті, Түркия
19. Мармара университеті, Түркия
20. Ғази университеті, Түркия
21. Анкара Йылдырым Байезит университеті, Түркия
22. Стамбул техникалық университеті, Түркия
23. Әзербайжан мұнай және өнеркәсіп мемлекеттік университеті, Әзірбайжан
24. Баку мемлекеттік университеті, Әзірбайжан
25. Синьцзян қаржы-экономикалық университеті, Қытай
26. Өзбекстан физикалық мәдениет және спорт мемлекеттік университеті, Өзбекстан
27. Бердақ атындағы Қарақалпақстан мемлекеттік университеті, Өзбекстан
28. Жизақ мемлекеттік педагогикалық университеті, Өзбекстан
29. Ош мемлекеттік университеті, Қырғызстан
30. А. Мырсабеков атындағы Ош гуманитарлық-педагогикалық институты, Қырғызстан
31. Беларусь мемлекеттік экономикалық университеті, Беларусь Республикасы

Ескерту: Қосымша Google құжатта жоғарыда көрсетілген шетелдік университеттердің қабылдай алатын білім бағдарламалары, шарттары, оқыту тілдері және олардың сілтемелері берілген. Студенттер өздерінің білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін 3 шетелдік университеттерді таңдауы қажет.

2 қосымша. Білім алушылардың жинайтын қажетті құжаттар тізімі (17.06.2026 дейін):

- Түйіндеме (еркін нысанда)
- Жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі
- Басқарма Төрағасы – Ректордың атына өтініш
- Ағымдағы үлгерімі туралы транскрипт (СҚҚО-дан /Темірқазықтан берілген, Бас ғимарат 1 қабат)
- Мотивациялық хат (Statement of Purpose): Студент өз мақсаттары, қызығушылықтары және болашақ жоспарлары туралы ақпаратты көрсетуі керек. Сонымен қатар, бағдарламаға қатысу себебін және одан күтілетін нәтижелерді айқын әрі шынайы түрде сипаттауы қажет. Хат таңдаған елге байланысты ағылшын, түрік немесе орыс тілдерінің бірінде жазылуы тиіс.
- Ұсыныс хат: хатты ментор, оқытушы немесе кафедра меңгерушісі дайындай алады. Алайда құжат міндетті түрде кафедра меңгерушісінің қолтаңбасымен бекітілуі қажет.
- Денсаулық жағдайы туралы декларация (Құжатты студент берілген үлгі бойынша өзі толтырып, қол қоюы қажет. Медициналық тексеруден өту керек емес)
- Оқу орнынан анықтама (СҚҚО-дан /Темірқазықтан берілген, Бас ғимарат 1 қабат)
- Шет тілін меңгергені туралы халықаралық үлгідегі сертификаты
- Таңдалған оқу бағыты бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысқаны үшін алған грамоталарының, сертификаттарының және дипломдарының көшірмесі (бар болған жағдайда)
- Қазақстан Республикасы азаматының анкетасы (шетелге оқуға шығу үшін). Анкета нысан бойынша толтырылады; Үміткер анкетада 3 серіктес ЖОО-ды тандайды, сондай-ақ шетелдік ЖОО-да оқу тілін көрсетеді.
- 3x4 фотосурет (6 дана)
- Файлдары бар папка (1 дана)
- Студенттің көп балалы отбасын растау үшін отбасы құрамы туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда)
- Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжаттың көшірмесі (жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің санаты үшін (бар болған жағдайда)
- Егер үміткер конкурсқа қатысуға құжаттарды тапсыру кезінде 18 жасқа толмаған жағдайда (кәмелетке толмаған болып табылса), білім алушылардың ата-анасынан немесе қамқоршысынан шетелге оқуға шығуға нотариалды куәландырылған рұқсат (қолхат).

Конкурстан өткеннен кейін білім алушылардан жиналатын құжаттар тізімі:

- Паспорт көшірмесі;
- Медициналық анықтама 082/у (шетелге шығуға арналған);
- Білім алушының жеке оқу жоспары (ИУПС);
- Білім алушының өтініші (екі данада, нысан бойынша);
- Оқуға келісім (екі данада, нысан бойынша);
- Үш жақты келісім-шарт (СДХЫД жасайды);
- Білім алушының ата-анасының шетелге оқуға баруына рұқсат қағазы (қолхат).

**Стратегиялық даму және халықаралық
ынтымақтастық департаменті**

